


Көмектесу үшін әрдайым осындамын

Өнімді мына жерде тіркеп, оған қолдау алыңыз:

www.philips.com/support



BM60



Қолданушының нұсқасы

PHILIPS

Мазмұндар кестесі

1 Маңызды ақпарат	2
Қауіпсіздік	2

2 Шағын музыка жүйесі	4
Кіріспе	4
Қораптың құрамы	4
Негізгі құрылғыны шолу	4
Қашықтан басқару құралына шолу	6

3 Жұмысты бастау	8
Динамиктерді қосу	8
FM антеннасын жалғау	8
Қуатты қосу	8
Қашықтан басқару құралын дайындау	9
Сағатты орнату	9
Қосу	10

4 Ойнату	11
Жалғыз режимде ойнату	11
Топ режимінде ойнату	14

5 Дыбыс реттеу	17
Алдын ала орнатылған дыбыс әсерін таңдау	17
Дыбыс деңгейін реттеу	17
Дыбысты өшіру	17

6 Басқа мүмкіндіктер	18
Оятқыш таймерін орнату	18
Ұйқы таймерін орнату	18
Сыртқы құрылғыдан тыңдау	18
Құлақаспап арқылы тыңдау	19
Микробағдарламаны жаңарту	19

7 Өнім туралы ақпарат	20
Ерекшеліктер	20
USB құрылғысының ойнатылатыны туралы мәліметтер	21
Қолдау көрсетілетін MP3 диск форматтары	21

8 Ақаулықтарды жою	22
---------------------------	-----------

9 Ескерту	24
Сәйкестік туралы декларация	24
Жазбаша ұсыныс	25

1 Маңызды ақпарат

Қауіпсіздік

Мына қауіпсіздік таңбаларын біліңіз



Бұл «найзағай белгісі» құрылғыдағы ток соғуы мүмкін оқшауланбаған материалды көрсетеді. Үйдегі барлық адамның қауіпсіздігі үшін корпусты алып тастамаңыз.

«Леп белгісі» жұмыс және техникалық қызмет көрсету проблемаларын болдырмау үшін берілген ақпарат оқилуы тиіс мүмкіндіктерге назар аударуға шақырады. АБАЙЛАҢЫЗ! От немесе ток соғу қауіптерін азайту үшін осы құрылғы жаңбыр немесе ылғал жерде ашық қалмауы және оның үстіне вазалар сияқты сұйықтықтармен толтырылған заттар қойылмауы тиіс. ЕСКЕРТУ! Ток соғу қаупінің алдын алу үшін штепсельді толығымен кіргізіңіз. (Полярлы штепсельдері бар аймақтар үшін: ток соғу қаупінің алдын алу үшін штепсель мен саңылаудың жалпақ жақтарын сәйкес келтіріңіз.)



Абайлаңыз

- Бұл құрылғының сыртқы қорабын шешуші болмаңыз.
 - Бұл құрылғының ешбір бөлігін майлаушы болмаңыз.
 - Бұл құрылғыдағы лазер сәулесіне ешқашан қарамаңыз.
 - Құрылғыны басқа электр құрылғыларының үстіне қоюшы болмаңыз.
 - Бұл құрылғыны күн сәулесі тікелей түсетін жерлерден, ашық жалыннан немесе қызудан алыс ұстаңыз.
 - Құрылғыны қуат көзінен ажырату үшін қуат сымна, штепсельге немесе адаптерге әрдайым оңай қол жетуін қамтамасыз етіңіз.
-
- Құрылғыға сұйықтық тамшыламауы немесе шашырамауы тиіс.
 - Құрылғының үстіне қандай да бір қауіп көздерін (мысалы, сұйықтық толтырылған заттар, жағылған шырақтар) қоймаңыз.
 - Желі істікшесі немесе құралды жалғаушы ажырату құрылғысы ретінде қолданылғанда ажырату құрылғысы жұмыс істеуге дайын күйінде қалады.
 - Желдету үшін өнім айналасында жеткілікті бос орын бар екендігін тексеріңіз.
 - Батареяны пайдалану туралы ЕСКЕРТУ - Батарея ағып, нәтижесінде дене жарақатының, мүліктің бүлінуінің немесе құрылғының бүлінуін болдырмау үшін:
 - Барлық батареяларды + және - полюстерін құрылғыда белгіленгендей дұрыстап алыңыз.
 - Батареялар (батарея топтамасы немесе орнатылған) күн сәулесі, от немесе соған ұқсас шамадан тыс қызу әсеріне ұшырамауы тиіс.
 - Құрылғы ұзақ уақыт пайдаланылмаған кезде батареяларды шығарып алыңыз.
 - Тек өндіруші көрсеткен қосымшаларды/қосақы құралдарды қолданыңыз.



Ескерту

- Есту қабілетіне зақым келтірмеу үшін гарнитураны жоғары дыбыс деңгейінде пайдалану уақытын шектеп, дыбыс деңгейін қауіпсіз деңгейге қойыңыз. Дыбыс деңгейі неғұрлым қатты болса, қауіпсіз тыңдау уақыты соғұрлым қысқа болады.

Құлақаспап пайдаланған кезде төмендегі нұсқауларды орындаңыз.

- Қолайлы дыбыс деңгейінде қолайлы уақыт аралығында тыңдаңыз.
- Есту қабілетіңіз бейімделетіндіктен дыбыс деңгейін реттемеңіз.
- Дыбыс деңгейін қатты ашпаңыз, айналаңыздағыны ести алмай қаласыз.
- Ықтимал қауіпті жағдайларда мұқият болыңыз немесе уақытша пайдаланбаңыз.
- Құлақаспаптардан немесе құлаққаптардан шамадан тыс дыбыс қысымы есту қабілетін жоғалтуға себеп болуы мүмкін.

2 Шағын музыка жүйесі

Сатып алғаныңыз құтты болсын және Philips компаниясына қош келдіңіз! Philips ұсынатын қолдауды толық пайдалану үшін өнімді келесі торапта тіркеңіз: www.philips.com/welcome.

Кіріспе

Осы құрылғымен мына әрекеттерді орындауға болады:

- дискілерден, Bluetooth арқылы қосылған құрылғылардан, USB сақтау құрылғыларынан немесе басқа сыртқы құрылғылардан аудио тыңдау;
- izzylink функциясымен үйлесімді көп бөлмелі динамиктер тобының (жинақпен бірге берілмейді) көмегімен үйіңіздегі кез келген жерде музыка тыңдау;
- FM радиостанцияларын тыңдау.

Келесі дыбыс әсерлерінің бірін таңдауға болады:


- Теңдестірілген, жылы, жарық, таза және күшті

Бұл құрылғы мына құрал пішімдерін қолдайды:



- Қашықтан басқару құралы (бір AAA батареясы бар)
- 2 x кабельдері бар динамик
- 1 x FM сымды антеннасы
- Басып шығарылған материалдар

Негізгі құрылғыны шолу



① GROUP түймесі/көрсеткіші

- Басқа бір izzylink функциясымен үйлесімді көп бөлмелі динамикпен топтастыру үшін басып тұрыңыз.
- Топтан шығару немесе қайтару үшін басыңыз.
- Топтау барысында жасыл түспен жаңады.

Қораптың құрамы

Қораптың ішіндегілерді тексеріп, түгендеңіз:

- Негізгі бөлік

- Топтау сәтті аяқталған соң ақ түс үздіксіз жанып тұрады (негізгі динамикте).
- Топтау сәтті аяқталған соң жасыл түс үздіксіз жанып тұрады (қосымша динамикте).
- Құрылғы қосымша динамик ретінде әрекет етіп, негізгі динамикті іздеген кезде жасыл түспен жыпылықтайды.

③ Сигнал күшінің көрсеткіші

- Топ байланысы сигналының күшін көрсетеді.

**③ **

- Құрылғыны қосу не өшіру.
- Күту режиміне немесе ECO режиміне ауыстыру.

④ Bluetooth/ECO көрсеткіші

- Bluetooth байланыс күйін көрсету.
- ECO режимінде қызыл түс жанады.

⑤ ИҚ сенсоры

- Қашықтан басқару құралынан инфрақызыл сигналдарды қабылдайтын сенсор.

⑥ Дисплейлі панель

**⑦ **

- Алдыңғы немесе келесі тақырыпқа, тарауға, трекке немесе файлға өту.
- Жол/диск ішінен іздеу.
- Радиостансаны реттеу.
- Уақытты реттеу.

⑧ II / PAIRING

- Ойнатуды бастау, уақытша тоқтату немесе жалғастыру.
- Екі құрылғы қосылған Bluetooth режимінде ойнамай тұрған құрылғыны ажырату үшін үш секунд басып тұрыңыз да, жұптау режиміне өтіңіз.
- Бір құрылғы қосылған Bluetooth режимінде жұптау режиміне өту үшін түймені үш секунд басып тұрыңыз.

⑨ Дыбыс деңгейі тұтқасы

- Дыбыс деңгейін реттеу.

**⑩ **

- Ойнатуды тоқтату немесе бағдарламаны өшіру.

**⑪ **

- Диск бөлімін ашу/жабу.

⑫ Диск бөлімі

⑬ SOURCE

- Көзді таңдау үшін басыңыз: DISC, USB, TUNER, BT, AUDIO IN.

**⑭ **

- Құлаққап ұясы.

⑮ AUDIO IN

- Сыртқы дыбыстық құрылғыға арналған дыбыс кірісі ұясы (3,5 мм).

**⑯ **

- USB ұясы.

⑰ FM AERIAL

- FM антеннасының ұясы.


⑱ SPEAKER OUT

- Динамикті қосуға арналған ұя.

⑲ AC MAINS~

- Қуат розеткасы.

Қашықтан басқару құралына шолу



1

- Құрылғыны қосу не өшіру.
- Күту режиміне немесе ECO режиміне ауыстыру.

2 CD

- DISC көзін таңдаңыз.

3 USB

- USB көзін таңдау үшін басыңыз.

4 Негізгі ойнатуды басқару түймелері

- Ойнатуды бастау, уақытша тоқтату немесе жалғастыру.



- Ойнатуды тоқтату немесе бағдарламаны өшіру.



- Алдыңғы немесе келесі тақырыпқа, тарауға, трекке немесе файлға өту.
- Жол/диск ішінен іздеу.
- Радиостансаны реттеу.
- Уақытты реттеу.

5 MODE

- Қайталап ойнату режимін не кездейсоқ тәртіппен ойнату режимін таңдау.

6 +/-

- Дыбыс деңгейін реттеу.

7 ALBUM/PRESET/

- Алдын ала орнатылған радио станцияны таңдау.
- Алдыңғы/келесі альбомға өтіңіз.

8 DISPLAY/RDS

- Ойнату кезінде ойнату туралы ақпаратты көрсету.
- Таңдалған FM радиостанциялары үшін RDS ақпаратын көрсету (егер болса).

9 SLEEP/TIMER

- Ұйқы таймерін орнату.
- Оятқыш таймерін орнату.

10 CLOCK

- Сағатты орнату.
- Сағат туралы мәліметтерді қарау.

11 PROGRAM

- Жолдарды бағдарламалау.
- Радио станцияларды бағдарламалау.

12

- Дыбысты өшіру немесе қалпына келтіру.

13 SOUND

- Сақтаулы дыбыс әсерін таңдау.

14 GROUP

- Басқа бір izzylink функциясымен үйлесімді көп бөлмелі динамикпен топтастыру үшін басып тұрыңыз.
- Топтан шығару немесе қайтару үшін басыңыз.

15 FM/AUDIO IN

- FM немесе AUDIO IN ресурсын таңдау үшін қайталап басыңыз.

16 PAIRING

- BT (Bluetooth) көзін таңдау үшін басыңыз.

- Екі құрылғы қосылған Bluetooth режимінде ойнамай тұрған құрылғыны ажырату үшін үш секунд басып тұрыңыз да, жұптау режиміне өтіңіз.
- Бір құрылғы қосылған Bluetooth режимінде жұптау режиміне өту үшін түймені үш секунд басып тұрыңыз.

3 Жұмысты бастау



Ескерту

- Осы жердегіден басқа басқару элементтерін, реттеулерді пайдалану немесе техникалық қызмет көрсету процедураларын орындау зиянды сәуленің шығуын немесе қауіпсіз жұмысты тудыруы мүмкін.

Әрдайым осы тараудағы нұсқауларды реті бойынша орындаңыз.

Динамиктерді қосу




Ескертпе

- Әрбір динамик симының жалаңаш бөлігін ұяшыққа толықтай енгізіңіз.
- Жақсырақ дыбыс сапасы үшін тек жинақпен берілген динамиктерді пайдаланыңыз.

- 1 Оң жақ динамик үшін негізгі бөлікте «R» (OH) деп белгіленген ұяшықтарды табыңыз.
- 2 Қызыл сымды қызыл (+) ұяшыққа, қара сымды қара (-) ұяшыққа қосыңыз.
- 3 Сол жақ динамик үшін негізгі бөлікте «L» (COL) деп белгіленген ұяшықтарды табыңыз.
- 4 Сол жақ динамик симын қосу үшін 2-қадамды қайталаңыз.

Әр динамик симын қосу үшін:

- 1 Ұяшық қақпағын төмен басып тұрыңыз.
- 2 Динамик симын толығымен салыңыз.
- 3 Ұяшық қақпағын жіберіңіз.




FM антеннасын жалғау



Кеңес

- Оңтайлы қабылдау үшін антеннаны толығымен ұзартыңыз және күйін реттеңіз.
 - Жақсырақ FM стерео қабылдау үшін сыртқы FM антеннасын **FM AERIAL** ұясына жалғаңыз.
- Жинақтағы FM антеннасын құрылғының артындағы **FM AERIAL** ұясына жалғаңыз.




Қуатты қосу



Ескерту

- Өнімді бұзып алу қаупі! Қуат көзінің кернеуі құрылғының артқы жағында немесе астында көрсетілген кернеуге сәйкес екенін тексеріңіз.
- Айнымалы ток симын қоспастан бұрын, барлық басқа қосылымдарды аяқтағаныңызды тексеріңіз.



- Қуат кабелін қабырға розеткасына қосыңыз.

Қашықтан басқару құралын дайындау




Ескерту

- Өнімді бұзып алу қаупі! Қашықтан басқару құралы ұзақ уақыт пайдаланылмайтын жағдайда батареяларды алып тастаңыз.

Қашықтан басқару құралының батареясын салу үшін:

- 1 Батарея бөлімін ашыңыз.
- 2 Жинақта берілген AAA батареясын көрсетілгендей полярлықтарын (+/-) дұрыс қаратып салыңыз.
- 3 Батарея бөлімін жабыңыз.



Сағатты орнату

- 1 Күту режимінде қашықтан басқару құралындағы **CLOCK** түймесін үш секунд бойы басып тұрыңыз.
↳ [24H] немесе [12H] сағат пішімі көрсетіледі.
- 2 [24H] немесе [12H] сағаттық форматын таңдау үшін **◀◀ / ▶▶** түймесін басыңыз.
- 3 Растау үшін **CLOCK** түймесін басыңыз.
↳ Сағат сандары көрсетіліп, жыпылықтай бастайды.
- 4 Сағатты таңдау үшін **◀◀ / ▶▶** түймесін басыңыз, растау үшін **CLOCK** түймесін басыңыз.
↳ Минут сандары көрсетіліп, жыпылықтай бастайды.
- 5 Минутты таңдау үшін **◀◀ / ▶▶** түймесін басыңыз, растау үшін **CLOCK** түймесін басыңыз.
↳ «SYNC OFF» көрсетіледі.
- 6 «SYNC ON» немесе «SYNC OFF» параметрін таңдау үшін, **◀◀ / ▶▶** түймесін, растау үшін **CLOCK** түймесін басыңыз.
↳ «SYNC ON» опциясын таңдаған болсаңыз, уақыт сигналдарын тарататын RDS станциясын тыңдаған кезде, сағатты автоматты синхрондау басталады.



Кеңес

- Құрылғы қосылған кезде сағат мәліметтерін қарау үшін, **CLOCK** түймесін басуға болады.

Қосу

-  түймесін басыңыз.
 - ↳ Құрылғы соңғы таңдалған көзге ауысады.
 - ↳ Құрылғы қайта қосылмай тұрып сигнал күші көрсеткіштері бірнеше секунд жанады.

Күту режиміне ауысу

- Құрылғыны күту режиміне ауыстыру үшін  түймесін басыңыз.
 - ↳ Панельде сағат (орнатылған болса) көрсетіледі.

ECO режиміне ауысу:

-  түймесін 3 секундтан артық басып тұрыңыз.
 - ↳ Дисплей панелі күңгірттеледі.
 - ↳ Bluetooth/ECO көрсеткішінде қызыл түс жанады.



Ескертпе

- Құрылғы 15 минут күту режимінде болғаннан кейін ECO режиміне ауысады.
- Топтау режимінде құрылғы автоматты түрде ECO режиміне ауыспайды.

Күту режимі мен ECO режимі арасында ауысу үшін:

-  түймесін 3 секундтан артық басып тұрыңыз.

4 Ойнату

Жалғыз режимде ойнату



Жалғыз режим: Жалғыз режим динамиктің ешқандай басқа izzylink функциясымен үйлесімді көк бөлмелі динамиктермен топтастырылмағанын білдіреді. Оның орнына, ол дербес динамик ретінде пайдаланылады.

Дискіден ойнату

Ескертпе

- Дискіде ойнатылатын дыбыс мазмұнның бар екенін тексеріңіз.

- 1 DISC көзін таңдау үшін CD түймесін басыңыз.
- 2 Диск бөліміне дискіні жазулары бар бетін жоғары қаратып салыңыз.
 - ↳ Ойнату автоматты түрде басталады. Егер ойнатылмаса, ►► түймесін басыңыз.




USB құрылғысынан ойнату

Ескертпе

- USB құрылғысында ойнатылатын аудио мазмұнның бар екеніне көз жеткізіңіз (ақылдасу 'Өнім туралы ақпарат' бет 21).

- 1 USB көзін таңдау үшін USB түймесін басыңыз.
- 2 USB құрылғысын Ұясына салыңыз.
 - ↳ Ойнату автоматты түрде басталады. Егер ойнатылмаса, ►► түймесін басыңыз.



Ойнатуды басқару

- | | |
|---------|--|
| ▲ / ▼ | Қалтаны таңдау. |
| ◀◀ / ▶▶ | Алдыңғы немесе келесі жолға өту үшін басыңыз. Тректің ішінен артқа немесе алға іздеу үшін басып тұрыңыз. |
| ►► | Ойнатуды уақытша тоқтату немесе жалғастыру. |
| ■ | Ойнатуды тоқтату. |
| MODE | Бір жолды не барлық жолдарды қайталап не кездейсоқ тәртіпте ойнатыңыз (Бағдарламаланған жолдар үшін жарамсыз). |

Жолға өту

CD үшін:

Басқа тректі таңдау үшін ◀◀ / ▶▶ түймесін басыңыз.

MP3 дискісі және USB үшін:

- 1 Альбом немесе қалта таңдау үшін **ALBUM/PRESET** ▲ / ▼ түймесін басыңыз.
- 2 Трек не файл таңдау үшін ◀◀ / ▶▶ түймесін басыңыз.

Жолдарды бағдарламалау

Ең көбі 20 жолға дейін бағдарламалай аласыз.

- 1 Бағдарламалау режимін белсендіру үшін ойнатуды тоқтатып, **PROGRAM** түймесін басыңыз.
- 2 MP3 тректері үшін **ALBUM/PRESET** ▲ / ▼ түймесін басып, альбом таңдаңыз.
- 3 Трек таңдау үшін ◀◀ / ▶▶ түймесін басыңыз, сосын растау үшін **PROGRAM** түймесін басыңыз.
- 4 Басқа тректерді бағдарламаға енгізу үшін 2-3 қадамдарды қайталаңыз.
- 5 Бағдарламаланған жолдарды ойнату үшін ▶▶ түймесін басыңыз.
 - Бағдарламаны жою үшін ойнатуды тоқтатып, ■ түймесін басыңыз.


Bluetooth қолдайтын құрылғылардан ойнату



Ескертпе

- Бір құрылғыны осы құрылғымен жұптамастан бұрын, оның Bluetooth үйлесімділігіне арналған пайдаланушы нұсқаулығын оқыңыз.
- Барлық Bluetooth құрылғыларымен үйлесімділікке кепілдік берілмейді.
- құрылғылар арасындағы кедергі жұмыс ауқымын төмендетуі мүмкін.
- Құрылғы мен Bluetooth қолдайтын осы құрылғы арасындағы тиімді жұмыс ауқымы шамамен 10 метр (30 фут) болады.
- Құрылғы бұған дейін қосылған екі Bluetooth құрылғысына дейін есте сақтай алады.

Динамик арқылы музыканы сымсыз жолмен тыңдау үшін Bluetooth қосылған құрылғыны құрылғымен жұптастыру керек.



- 1 **Bluetooth** көзін таңдау үшін **0 / PAIRING** түймесін басыңыз.
 - ↳ **[BT]** (Bluetooth) көрсетіледі.
 - ↳ Bluetooth көрсеткіші көк түсті болып жыпылықтайды.
- 2 Кеңейтілген дыбысты тарату профилін (A2DP) қолдайтын құрылғыда Bluetooth функциясын қосыңыз және жұптастыруға болатын Bluetooth құрылғыларын іздеңіз (құрылғының пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз).
- 3 Bluetooth қолдайтын құрылғыда «**Philips BM60 xxx**» құрылғысын таңдаңыз және қажет болса, жұптау құпия сөзі ретінде «0000» мәнін енгізіңіз.
 - ↳ Сәтті жұптастырудан және қосылудан кейін, Bluetooth индикаторы көкпеңбек болып жанады және құрылғы дыбыстық белгі береді.

↳ «BT» сөзі көрсетіледі.

4 Музыканы қосылған құрылғыда ойнатыңыз.

↳ Музыка ағыны Bluetooth қолдайтын құрылғыдан осы құрылғыға жіберіледі.

- «Philips BM60 xxx» құрылғысын іздеу сәтсіз болса немесе бұл құрылғымен жұптау мүмкін болмаса, жұптау режиміне өту үшін қысқа дыбыс естігенше **0 /PAIRING** түймесін үш секунд бойы басып тұрыңыз.

Ағымдағы Bluetooth қолдайтын құрылғыны ажырату үшін:

- Құрылғыда Bluetooth функциясын өшіріңіз.

Радио тыңдау



Кеңес

- Антеннаны теледидардан не басқа радиация көздерінен мүмкіндігінше алыс қойыңыз.
- Жинақтағы FM антеннасы қосылғанын тексеріңіз.
- Оңтайлы қабылдау үшін антеннаны толығымен ұзартыңыз және күйін реттеңіз.

Радио станцияға реттеу

1 Тюнер ресурсын таңдау үшін FM/AUDIO IN түймесін қайталап басыңыз.

2 **◀◀ / ▶▶** түймесін үш секунд бойы басып тұрыңыз.

↳ Радио күшті қабылдау сигналы бар станцияға автоматты түрде реттеледі.

3 Қосымша станцияларды реттеу үшін 2-қадамды қайталаңыз.

Әлсіз станцияны реттеу:

- Оңтайлы қабылдау табылғанша **◀◀ / ▶▶** түймесін қайталап басыңыз.

FM радио станцияларын автоматты түрде сақтау



Ескертпе

- Ең көбі алдын ала орнатылған 30 радио станцияны (FM) сақтауға болады.

1 Тюнер режимінде, автоматты бағдарламалау режимін іске қосу үшін, **PROGRAM** түймесін екі секундтан артық басып тұрыңыз.

↳ **[AUTO]** (автоматты) жазуы көрсетіледі.

↳ Бірінші бағдарламаланған радио станция автоматты түрде таратылады.

2 Алдын ала орнатылған станцияны таңдау үшін **ALBUM/PRESET ▲ / ▼** параметрін таңдаңыз.

FM радио станцияларын қолмен сақтау

1 FM радиостанциясын реттеу.

2 Бағдарламалау режимін белсендіру үшін, **PROGRAM** түймесін басыңыз.

↳ **[PROG]** (бағдарлама) жыпылықтайды.

3 Алдын ала орнатылған нөмірді таңдау үшін, **ALBUM/PRESET ▲ / ▼** түймесін қайталап басыңыз.

4 Растау үшін қайтадан **PROGRAM** түймесін басыңыз.

↳ Алдын ала орнатылған станцияның жиілігі көрсетіледі.

5 Қосымша FM станцияларын сақтау үшін жоғарғы қадамдарды қайталаңыз.



Ескертпе

- Алдын ала сақталған станцияны алып тастау үшін оның орнына басқа станцияны таңдаңыз.

Алдан ала орнатылған радио станцияны таңдау

- FM режимінде алдын ала орнатылған радиостанцияны таңдау үшін **ALBUM/PRESET ▲ / ▼** түймесін басыңыз.

RDS ақпаратын көрсету

RDS (радио деректер жүйесі) — FM стансаларына қосымша ақпарат көрсетуге мүмкіндік беретін қызмет.

- 1 RDS стансасына баптаңыз.
- 2 Төмендегі ақпаратқа (бар болса) өту үшін **DISPLAY/RDS** түймесін қайталап басыңыз:
 - ↳ Бағдарлама қызметі
 - ↳ Бағдарлама түрі, мысалы, **[NEWS]** (жаңалықтар), **[SPORT]** (спорт), **[POP M]** (поп музыка)...
 - ↳ Радио мәтін хабары
 - ↳ Уақыт

Сtereo/моно хабар таратуды таңдау

Ескертпе

- Сtereo хабар тарату — тюнер режимінің әдепкі параметрі.
 - Сигналдары әлсіз стансалар үшін: қабылдауды жақсарту үшін моно дыбысқа өзгертіңіз.
-
- FM тюнер режимінде моно және stereo хабар тарату арасында ауысу үшін, **▶||** түймесін басыңыз.
 - ↳ Радио станцияның хабар таратуы stereo болған кезде **[STEREO]** (Stereo) жазуы көрсетіледі.

Топ режимінде ойнату


Топ режимі: егер бірнеше izzylink функциясымен үйлесімді көп бөлмелі динамик болса, топ жасауға және бір уақытта динамиктер тобына ағынмен музыка жіберуге болады.

Осы мүмкіндікті пайдалану үшін бірнеше izzylink функциясымен үйлесімді көп бөлмелі динамик сатып алу қажет.

Ескертпе

- Біреуін негізгі және төртеуін қосымша ретінде бес динамикке дейін топ жасауға болады.
- Төмендегі суреттерде BM5 (әрбір суреттің оң жағында көрсетілгендей) <элементі> құралымен топтау мысал ретінде түсірілген.

Топ жасау





Ескертпе

- Топты жасаған сайын топ функциясы қосылған бірінші динамик негізгі ретінде пайдаланылады.

- 1 Бірінші динамикте **GROUP** түймесін 3 секунд басып тұрыңыз (негізгі).
- 2 Екінші динамикте **GROUP** түймесін 3 секунд басып тұрыңыз (бағыныңқы).
- 3 Байланысты орнату үшін 15-30 секунд күтіңіз.
- 4 Қосымша бағыныңқы динамиктерді бір-бірлеп қосу үшін 1-3-қадамдарды қайталаңыз.



Ескертпе

- Тек қосымша динамиктерді бір-бірден қосуға болады. Қосымша динамик қосқан сайын, түймедегі көрсеткіш жыпылықтап, динамик дыбыстық белгі бергенше негізгі динамиктегі **GROUP** түймесін басып тұрыңыз.
- Егер қосымша динамиктегі сигнал күші көрсеткіші нашар күйді көрсетсе, оны негізгі динамикке жақындатыңыз.

Бар топқа келесі динамиктерді қосуға болады немесе олармен жаңа топ жасауға болады:

- Зауыттық әдепкі параметрлерден тұратын динамик
- Қосымша құрылғысыз негізгі динамик
- Басты динамиктен ажыратылған қосалқы динамик (**GROUP** көрсеткіші жыпылықтап тұр)

Негізгі динамиктен бүкіл топқа ойнату




Ескертпе

- Bluetooth режимінде қосылған ұялы телефонда кіріс қонқырауы немесе бейнені жазу кезінде музыка ойнатылуы уақытша тоқтайды.

- Егер бұл динамик (BM60) негізгі ретінде әрекет етсе, ойнату көзін таңдап, динамиктердің бүкіл тобына ойнатыңыз.

Негізгі динамикті ауыстыру

Топтағы ағымдағы негізгі динамикті оңай ауыстыруға болады. Мысалы, Bluetooth режимінде ұялы телефон ағымдағы негізгі динамикпен байланысты жоғалтатын болса, ең жақын қосымша динамикті негізгі ретінде орнатуға болады.




- Топ негізгісі ету үшін бағыныңқы динамикте кез келген түймені басыңыз.



Ескертпе

- Мобильді құрылғыны жаңа негізгі динамикпен бұрын жұптаспаңыз, қазір жұптаңыз.

Жалғыз режимге ауыстыру



- Ⓐ Жалғыз режимге өту үшін негізгі құрылғыда **GROUP** түймесін басыңыз.
- ↳ Бағыныңқы құрылғылар 15 минут ішінде негізгі құрылғыны іздейді.
 - ↳ Бағыныңқы құрылғылармен жаңа топты жасауға болады немесе жалғыз режимге өту үшін **GROUP** түймесін басыңыз.

- Топ режимін жалғастыру үшін негізгі құрылғыда **GROUP** түймесін қайта басыңыз.

- Ⓑ Жалғыз режимге ауыстыру үшін бағыныңқы құрылғыда **GROUP** түймесін басыңыз. Қайта қосылу үшін **GROUP** түймесін қайта басыңыз.

Топ күйін қайта орнату

- Топтау мәселелері туындаса, қайта орнату үшін **GROUP** түймесін сегіз секунд бойы басып тұрыңыз.

5 Дыбыс реттеу

Келесі әрекеттерді барлық қолдау көрсетілетін медиаға қолдануға болады.

Алдын ала орнатылған дыбыс әсерін таңдау

- Сақтаулы дыбыс әсерін таңдау үшін **SOUND** түймесін басыңыз.
 - **Баланс, Анық, Күшті, Жылы және Ашық**

Дыбыс деңгейін реттеу

- Қашықтан басқару құралында **+/-** түймесін қайталап басыңыз.
- Негізгі құрылғыда дыбыс деңгейі тұтқасын бұраңыз.

Дыбысты өшіру

- Дыбысты өшіру немесе қосу үшін **🔊** түймесін басыңыз.

6 Басқа мүмкіндіктер

Оятқыш таймерін орнату

Бұл құрылғыны оятар етіп пайдалануға болады. Оятқыш көзі ретінде **DISC**, **USB** немесе **TUNER** тармағын таңдауға болады.

Ескертпе

- Сағаттың дұрыс орнатылғанын тексеріңіз.

- 1 Күту режимінде **SLEEP/TIMER** түймесін үш секунд бойы басып тұрыңыз.
- 2 Дабыл көзін таңдау үшін **◀◀ / ▶▶** түймесін қайталап басыңыз (**DISC**, **USB** немесе **TUNER**)
- 3 Растау үшін **SLEEP/TIMER** түймесін басыңыз.
↳ Сағат сандары жыпылықтай бастайды.
- 4 Сағатты, минутты орнату және оятардың дыбыс деңгейін реттеу үшін 2-3-ші қадамдарды қайталаңыз.

Ескертпе

- Егер 90 секундтың ішінде ешқандай түйме басылмаса, жүйе таймер орнату режимінен автоматты түрде шығады.

Оятар таймерін іске қосу немесе өшіру үшін:

- Дабыл ақпаратын көру және дабылды белсендіру немесе өшіру үшін **SLEEP/TIMER** түймесін қайталап басыңыз.
↳ Егер таймер іске қосылса, **[TIMER]**(Таймер) көрсетіледі.
↳ Егер таймер өшірілсе, **[TIMER OFF]** (таймерді өшіру) хабары көрсетіліп, **[TIMER]**(Таймер) жойылады.

Кеңес

- Ешбір **DISC** немесе **USB** құралы анықталмайтын болса, **FM** әдепкі сигнал көзі ретінде қолданылады.

Ұйқы таймерін орнату

- Құрылғы автоматты түрде өшірілмейінше, минут санын орнату үшін, **SLEEP/TIMER** түймесін басыңыз:
 - **[SLP 120]**
 - **[SLP 90]**
 - **[SLP 60]**
 - **[SLP 45]**
 - **[SLP 30]**
 - **[SLP 15]**
 - **[SLP OFF]**



Кеңес

- Құрылғы «**On**» (Қосу) қалпына қойылған кезде, ұйқы таймерін орнатуға болады.


Сыртқы құрылғыдан тыңдау

Сыртқы құрылғыны осы құрылғы арқылы 3,5 мм аудио кабель арқылы тыңдауға болады.

- 1 **AUDIO IN** көзін таңдау үшін **FM/AUDIO IN** түймесін қайталап басыңыз.
- 2 Аудио кабельді (жинақта жоқ) мыналар арасында қосыңыз:
 - құрылғыдағы **AUDIO IN** ұяшығы (3,5 мм);
 - сыртқы құрылғыдағы құлақаспап/**LINE OUT** ұясы.
- 3 Қосылған құрылғыда музыканы ойнатуды бастаңыз (құрылғының пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз).



- 2 Ең соңғы қол жетімді микробағдарламаны жаңарту файлдарын табу үшін үлгі нөмірін енгізіңіз.



- 3 Жаңарту файлдарын USB флешкасының түбірлік каталогына шығарып сақтаңыз.
- 4 USB көзін таңдау үшін, USB түймесін басып, USB флешкасын динамиктің артқы жағындағы USB ұясына салыңыз.
- 5 USB флешкасын алып тастамай, микробағдарлама жаңартуын 3-4 минут күтіңіз.
- ↳ Микробағдарламаны жаңарту кезінде дисплей тақтасында «UPGRADE» (ЖАҢАРТУ) хабары көрсетіледі.
 - ↳ Микробағдарламаны жаңарту кезінде дисплей тақтасында «SUCCESS» (СӘТТІ) хабары көрсетіледі.
- 6 Динамиктің айнымалы ток қуатын ажыратып, USB флешкасын алыңыз.
- 7 Айнымалы ток қуатын қайта жалғап, динамикті қосыңыз.

Құлақаспап арқылы тыңдау

- Құлақаспапты (қолданылмайды) ұясына қосыңыз.

Микробағдарламаны жаңарту

Абайлаңыз

- Динамикті үнемі микробағдарламаны жаңартуға арналған айнымалы ток көзіне жалғаңыз.
- Микробағдарламаны жетілдіруді аяқтау алдында динамик қуатын өшірмеңіз немесе USB жаппай сақтау құрылғысын ажыратпаңыз.

Ескертпе

- USB флешкасы FAT16/32 пішімделгенін тексеріңіз.

- 1 PC/Мас компьютерінде www.philips.com/support торабына өтіңіз.

Кеңес

- Жаңарту аяқталған кезде, USB флешкасынан жаңартылған файлдарды жоюды ұмытпаңыз.

7 Өнім туралы ақпарат

Ескертпе

- Өнім туралы ақпарат алдын ала ескертусіз өзгертіледі.

Ерекшеліктер

Күшейткіш

Жалпы шығыс қуаты	Максимум 150 Вт
Жиілік жауабы	40 Гц - 20 кГц; ± 3 дБ
Сигнал-шу арақатынасы	≥ 75 дБА
Жалпы гармоникалық бұрмаланулар	$< 1\%$
Қосымша кіріс	1 В $\pm$ 100 мВ RMS 22 кОм

Диск

Лазер түрі	Жартылай өткізгіш
Диск диаметрі	12 см/8 см
Қолдау көрсетілетін диск	CD-DA, CD-R, CD-RW, MP3-CD
Дыбыс DAC	24 бит/44,1 кГц
Жалпы гармоникалық бұрмаланулар	$< 3\%$ (1 кГц)
Жиілік жауабы	20 Гц - 20 кГц (44,1 кГц)
С/Ш қатынасы	≥ 80 дБА

USB

USB Direct нұсқасы	2.0 жоғары жылдамдық
--------------------	----------------------

Динамиктер

Динамиктің номиналдық қарсылығы	6 Ом
Динамик драйвері	2 x 100 мм ТЖ динамик, 20 мм ЖЖ динамик
Сезімталдық	83 $\pm$ 3 дБ/мВт

Bluetooth

Bluetooth нұсқасы	V2.1 +EDR
Bluetooth жиілік жолағы	2,402 ГГц ~ 2,48 ГГц ISM жолағы
Ауқымы	10 м (бос орын)

Тюнер (FM)

Реттеу ауқымы	87.5-108 МГц
Реттеу торы	50 кГц
Сезімталдық	
- Моно, 26 дБ С/Ш қатынасы	≤ 22 дБф
- Стерео, 46 дБ С/Ш қатынасы	≤ 48 дБф
Іздеуді таңдау мүмкіндігі	≤ 32 дБф
Жалпы гармоникалық бұрмаланулар	$< 3\%$
Сигнал-шу арақатынасы	≥ 45 дБ

Жалпы ақпарат

Айнымалы ток қуаты	110-127 В~ /220-240 В~, 50/60 Гц
Қуатты тұтыну	Жұмыс режимі: 48 Вт ECO режимі: $< 0,5$ Вт

Мөлшері	
- Негізгі құрылғы (Е x Б x Қ)	249 x 128 x 254 мм
- Динамик қорабы (Е x Б x Қ)	140 x 305 x 215 мм
Салмағы	
- Негізгі құрылғы	2,25 кг
- Динамик қорабы	2,6 кг x 2

USB құрылғысының ойнатылатыны туралы мәліметтер

- Қолдайтын файл пішімі: MP3 (*.mp3)
- Қолдайтын MP3 бит жылдамдығы: 32-320 Кбит/сек CBR (тұрақты) және VBR (айнымалы).
- Қолдайтын USB файл жүйесі: FAT12, FAT16, FAT32 (сектор өлшемі: 512 байт)

Қолдау көрсетілетін MP3 диск форматтары

- ISO9660, Joliet
- Ең үлкен тақырып саны: 128 (файл атауының ұзындығына байланысты)
- Максималды альбом атауы: 99
- Қолдау көрсетілетін үлгі жиіліктері: 32 кГц, 44,1 кГц, 48 кГц
- Қолдау көрсетілетін бит жылдамдықтары: 32~256 (кбит/сек), ауыспалы бит жылдамдықтары

8 Ақаулықтарды жою



Абайлаңыз

- Бұл құрылғының сыртқы корпусын шешуші болмаңыз.

Кепілдіктің жарамдылығын сақтау үшін жүйені ешқашан өзіңіз жөндеуге әрекет жасаманыз. Бұл құрылғыны пайдалану кезінде мәселелерге кезіксеңіз, қызмет сұраудан бұрын төмендегі тармақтарды тексеріп шығыңыз. Егер мәселе шешілмесе, Philips веб-бетіне (www.philips.com/support) өтіңіз. Philips компаниясына хабарласқанда, құрылғының жақында болуын және үлгі нөмірі мен сериялық нөмір көрініп тұруын қамтамасыз етіңіз.

Қуат жоқ

- Құрылғы АТ қуат сымының дұрыс қосылғанын тексеріңіз.
- АТ розеткасында қуаттың бар екендігін тексеріңіз.
- Қуатты үнемдеу мүмкіндігі ретінде жолды ойнату соңына жеткеннен кейін және ешқандай басқару болмаса, жүйе 15 минуттан кейін автоматты түрде өшеді.

Дыбыс жоқ немесе нашар

- Дыбыс деңгейін реттеңіз.
- Динамиктің дұрыс қосылғанын тексеріңіз.
- Жолақты динамик сымдарының қыстырылғанын тексеріңіз.

Құрылғыдан жауап жоқ

- Құрылғының әдепкі параметрлерін қалпына келтіру үшін AUDIO IN көзіне ауысыңыз, одан кейін ■ түймесін 8 секундтан аса басып тұрыңыз.
- Айнымалы ток қуат штепселін ажыратып, қайта қосыңыз, одан кейін жүйені қайтадан қосыңыз.

Құрылғының кейбір түймелері жұмыс істемейді немесе құрылғы әдеттегідей істемейді.

- Демо режимін кездейсоқ белсендірген болуыңыз мүмкін. Мұндай жағдайда, «T-OFF» (ТАЙМЕР ӨШІРУЛІ) хабары көрсетіліп тұрғанда құрылғы қосылғанда ■ түймесін 15 секундқа басып тұрыңыз. Егер ақау кетпесе, қуат кабелін ажыратып, Φ түймесін басып тұрыңыз, содан соң қуат кабелін қайта қосыңыз. Барлық көрсеткіштер жыпылықтап, демо режимінен шыққанша түймені 15 секунд басып тұра беріңіз. Одан кейін қуатты қосып, құрылғыны әдепкі ретінде пайдалануға болады.

Қашықтан басқару құралы жұмыс істемейді

- Қандай да бір функция түймесін баспастан бұрын, алдымен негізгі құрылғының орнына қашықтан басқару құралымен дұрыс көзді таңдаңыз.
- Қашықтан басқару құралы мен құрылғы арасын жақындатыңыз.
- Батареяны көрсетілгендей қарсылықпен (+/- белгілері) туралап салыңыз.
- Батареяны ауыстырыңыз.
- Қашықтан басқару құралын құрылғының алдындағы сенсорға бағыттаңыз.

Диск таңдалмаған

- Дискіні салыңыз.
- Дискінің төмен қарап салынғанын тексеріңіз.
- Линзадағы ылғал конденсациясы тазаланғанша күтіңіз.
- Дискіні ауыстырыңыз немесе тазалаңыз.
- Пішімделген ықшам дискіні немесе дұрыс пішімдегі дискіні пайдаланыңыз.

USB құрылғысындағы кейбір файлдарды көрсету мүмкін емес

- USB құрылғысындағы қалталардың не файлдардың саны белгілі бір шектен асып кеткен. Бұл құбылыс ақаулыққа жатпайды.
- Бұл файлдардың форматтарына қолдау көрсетілмейді.

USB құрылғысына қолдау көрсетілмейді

- USB құрылғысы құрылғымен үйлесімді емес. Басқасын қолданып көріңіз.

Нашар радио сигналын қабылдау

- Құрылғы мен теледидар немесе басқа радиация көздерінің арасындағы қашықтықты арттырыңыз.
- FM антеннасын толығымен ұзартыңыз.

Bluetooth байланысы сәтті орнағаннан кейін де құрылғыда музыка ойнату мүмкін емес.

- Құрылғыны осы құрылғы арқылы музыканы сымсыз ойнату үшін пайдалану мүмкін емес.

Bluetooth функциясы қосылған құрылғымен байланыс орнағаннан кейін дыбыс сапасы нашар.

- Bluetooth қабылдауы нашар. Құрылғыны осы құрылғыға жақындатыңыз немесе олардың арасындағы барлық кедергілерді алып тастаңыз.

Bluetooth бұл құрылғымен байланыса алмайды.

- Бұл құрылғыға қажетті профильдерді құрылғы қолдамайды.
- Құрылғының Bluetooth функциясы қосылмаған. Бұл функцияны қосу әдісі туралы анықтама алу үшін құрылғының пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз.
- Бұл құрылғы жұптастыру режимінде емес.
- Бұл құрылғы Bluetooth арқылы басқа құрылғымен қосылып қойған. Бұл құрылғыны ажыратып, әрекетті қайталаңыз.

Жұптасқан мобильді құрылғы тұрақты қосылып ажырайды.

- Bluetooth қабылдауы нашар. Құрылғыны осы құрылғыға жақындатыңыз немесе олардың арасындағы барлық кедергілерді алып тастаңыз.
- Қоңырау шалғанда немесе аяқтағанда, кейбір ұялы телефондар үнемі қосылып ажырауы мүмкін. Ол осы құрылғының ақаулығын білдірмейді.

- Кейбір құрылғыларда Bluetooth байланысы қуатты үнемдеу мүмкіндігі ретінде автоматты түрде өшуі мүмкін. Ол осы құрылғының ақаулығын білдірмейді.

Таймер істемейді

- Сағатты дұрыс орнатыңыз.
- Таймерді қосыңыз.

Сағат/таймер параметрін өшірілген

- Токқа кедергі келтірілген немесе электр шуыры ажыратылған.

Топтық ойнату кезінде музыка ағынының кейде дарылдауы немесе үзілуі

- Ағынмен берілген музыканың дарылдауы немесе үзілуі орын алса, үйдегі Wi-Fi желісі бос емес болғаны. Izzylink үйдегі Wi-Fi желісінен тәуелсіз болса да, ол динамиктер арасында байланысу үшін Wi-Fi сигналдарын пайдаланады. Келесі әрекеттерді орындап көріңіз:
 - 1) үйдегі Wi-Fi желісінде трафикті азайту, мысалы, Wi-Fi желісіндегі үлкен файлдарды жүктеп алуды немесе басқа мазмұн ағынын тоқтату;
 - 2) негізгі динамикті желіден ажыратып, оны қайта қосу арқылы оны қайта жүктеу.

9 Ескерту

Gibson тікелей рұқсат бермеген құрылғыға енгізілген қандай да бір өзгерістер немесе модификациялар пайдаланушыны жабдықты пайдалану құқығынан айыруы мүмкін.

CE 0890

Сәйкестік туралы декларация

Осы құжат арқылы Gibson Innovations компаниясы бұл өнімнің 1999/5/EC директивасының негізгі талаптары мен басқа да тиісті ережелеріне сәйкес келетінін мәлімдейді. Сәйкестік туралы декларацияны www.philips.com/support сайтынан табуыңызға болады.

Ескірген бұйымдарды және батареяны жою



Бұл өнім қайта өңдеп, қайта пайдалануға болатын жоғары сапалы материалдар мен бөлшектерден жасалған.



Өнімдегі бұл таңба өнімнің 2012/19/EU еуропалық директивасы арқылы қамтылатынын білдіреді.



Өнімдегі бұл таңба өнімде 2013/56/EC еуропалық директивасына сай келетін,

қалыпты тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайтын батареялар бар екенін білдіреді. Электр және электрондық бұйымдар мен батареяларға арналған жергілікті жеке жинау жүйесінің ережелерімен танысыңыз. Жергілікті ережелерді орындаңыз және бұйымдар мен батареяларды қалыпты тұрмыстық қалдықтармен бірге тастамаңыз. Ескі бұйымдар мен батареяларды қоқысқа дұрыс тастау қоршаған ортаға және адам денсаулығына зиянды әсерлер тигізбеуге көмектеседі.

Лақтыруға болатын батареяларды тастау
Тасталатын батареяларды шығарып алу үшін батареяны орнату тарауын қараңыз.

Айналаны қорғау мәселелер ақпараты
Барлық қажетсіз орамдар алынып тасталған. Біз орамды үш материалға оңай ажыратылатын етіп жасауға тырыстық: картон (қорап), көбік полистирол (буфер) және полиэтилен (дорбалар, қорғағыш көбік орауышы.)
Жүйе мамандандырылған компания тарапынан бөлшектенген жағдайда қайта өңдеп, қайта пайдалануға болатын материалдардан тұрады. Орауыш материалдар, ресурсі біткен батареялар мен ескірген жабдықты тастауға қатысты жергілікті ережелерді ұстаныңыз.



**Be responsible
Respect copyrights**

Бұл өнім авторлық құқықтарды қорғау технологиясын қамтиды, бұл технология АҚШ-тағы Rovi Corporation корпорациясының патенттер және басқа да зияткерлік меншік құқықтарымен қорғалған. Қайта құрастыруға және бөлшектеуге тыйым салынған.



Bluetooth® сөз белгісі мен логотиптері Bluetooth SIG, Inc. корпорациясының иелігіндегі тіркелген сауда белгілері болып

табылады және мұндай белгілерді Gibson Innovations Limited лицензияға сәйкес пайдаланады. Басқа сауда белгілері және сауда атаулары сәйкес иелерінің меншігі болып табылады.

Бұл құрылғыда мына белгі бар:



Ескертпе

- Жапсырма құрылғының артқы жағында орналасқан.

Жазбаша ұсыныс

Gibson Innovations Limited компаниясы осы құжатпен өнімде пайдаланылатын ашық бастапқы бағдарламалар бумаларының сәйкес бастапқы кодтың көшірмесін сұрау бойынша ұсынады. Бұл ұсыныс тиісті лицензиялармен сұралады. Бұл ұсыныс бұйымды сатып алғаннан кейін үш жылға дейін жарамды. Бастапқы кодты алу үшін open.source-gi@gibson.com мекенжайына хабарласыңыз. Егер электрондық поштаны пайдаланбауды жөн көрсеңіз немесе осы электрондық пошта мекенжайына хабар жібергеннен кейін растау хабарын алмасаңыз, мына мекенжайға жазыңыз: Open Source Team, Gibson Innovations Limited, 5/F Philips Electronics Building, 5 Science Park East Avenue, Hong Kong Science Park, Shatin, N.T. Hong Kong.



2017 © Gibson Innovations Limited. All rights reserved.
This product has been manufactured by, and is sold
under the responsibility of Gibson Innovations Ltd., and
Gibson Innovations Ltd. is the warrantor in relation to
this product. Philips and the Philips Shield Emblem are
registered trademarks of Koninklijke Philips N.V. and are
used under license.

BM60_10_UM_V3.0

